

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ ТЕОРИЯСЫ» КАФЕДРАСЫ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы
**«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МЕН СПОРТ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ»**
Орта білім беру мекемелерінің дене шынықтыру мұғалімдерін оқытуға
арналған

Бағдарлама авторы:

Нөгербек Ә.Д. «Дене шынықтыру мен спорт теориясы» кафедрасының аға
оқытушысы

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық-күнтізбелік жоспарды дайындауда 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы еліміздегі білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлес қосуына мүмкіндік береді. Бұл біліктілікті арттыру курсының жалпы мақсаты оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен таныстыру болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда жаһандану мәселелеріне жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі игі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп жұмысы арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Сонымен қатар, дене шынықтыру пәніне арналған оқу мақсаттары оқу бағдарламасында сипатталған. Оқу жоспарында ұсынылған жаттығуларды орындату арқылы оқушылардың алға қойған мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдануда және біліктілігін арттыруда мұғалімдерге қолдау көрсетілуінің маңызы зор.

Бағдарлама модулінің мазмұны дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметіндегі негізгі аспектілерін қамтиды, теориялық материалды түсіну деңгейінде ғана емес, оны талдап, баға беру мүмкіндіктерін ашуға негізделіп құрылған. Бағдарлама дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне, оқытушыларына, сондай-ақ дене шынықтыру оқыту саласындағы білімдерін кеңейтуге және кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға ниет білдірген білім беру саласындағы барлық мүдделі мамандарға арналған. Бағдарлама тұрақты экономикалық және әлеуметтік өсудің негізгі ресурсы ретінде білім мен ғылымды дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік басымдықтарын көрсетеді. Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік жоспарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ ғылыми жетістіктерді оқу процесіне біріктіруге ерекше назар аударылады. Бағдарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді, олар білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқушылардың зерттеу дағдылары мен дағдыларын дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бағдарлама екі аптаға бөлінген 80 академиялық сағатты қамтиды.

2. Глоссарий

Білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.

Білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.

Оқыту – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және бүкіл өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

Тыңдаушы – білім беру ұйымында қосымша білімнің және дайындық бөлімінің білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан адам.

Біліктілікті арттыру институты – үздіксіз білім беру жүйесінде кадрлардың кәсіптік біліктілігін арттырудың актуалды білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық процестерді қолдауды жүзеге асыратын білім беру ұйымы.

Дене жаттығулары – белгілі бір мақсаттарға жетуге (қозғалыс міндеттерін шешуге) бағытталған үздіксіз бір-бірімен байланысқан қозғалыс қимылдарының жиынтығы. Жарыстық спорттық жаттығуда қозғалыс әрекеттерінің тұтастығы барынша жоғары спорттық нәтижелерге жетуге бағытталған.

Емдік дене шынықтыру – құралдарды қолданатын медициналық тәртіп дене шынықтыру (негізінен – дене жаттығулары) емдеу мақсатында және оңалту науқастардың және ерекше жандар, сондай-ақ профилактика аурулар.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Модуль 1. Нормативтік құқықтық модуль	Модульдің міндеті, Бағдарламаға қатысушыларды дене шынықтыру мұғалімдері мен спорт мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында нормативтік құқықтық құжаттамамен, білім беру негізгі ұғымдары мен принциптерімен таныстыру жайлы негізгі түсініктеді қалыптастыруға бағытталған.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары	Зерттелген тәжірибе мұғалімге курстық оқыту процесінде жасалған оқу материалдарын өз тәжірибесінде және жұмыс орнында әзірлеуге және пайдалануға мүмкіндік береді. Педагогтарды оқыту кәсіптік білім беру үшін педагогикалық шешімдерді, еуропалық тәсілдерді, білім алушыларға бағдарлауды, еңбек өміріндегі ынтымақтастықты және практикалық мысалдарды қамтиды.
Модуль 3. Ұстаз ретінде кәсіби құзыреттіліктері	Біліктілікті арттыру курстарында тыңдаушыларға өздерінің педагогикалық қызметінде пайдалану үшін жұмыс әдістері мен практикадан мысалдар ұсынылады. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары модулі.
Қорытынды бағалау	Дене шынықтыру мен спорт мамандарының кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру аспектілері

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курс мақсаты: Білім беру үрдісін жаңартуда дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи сабақты ұйымдастыруға және жобалауға ықпал ететін құзыреттілікті игерулеріне жағдай жасау.

Курс міндеттері:

1. Білім беру үдерісін жаңартудың мемлекеттік тапсырысын жүзеге асыру бойынша педагогикалық инновацияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің тетіктерін меңгерту;

2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде оқыту сапасы мен тиімділігін арттыруды басты назарда ұстау;
3. тыңдаушыларды білім беру жүйесін модернизациялаудың негізгі бағыттарымен таныстыру;
4. дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық-педагогикалық технологияларды ендіруді басқару білігін қалыптастыру;
5. нормативтік-құқықтық, әдістемелік, дидактикалық құжаттармен қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызмет нәтижелерін нормативті құжат талаптарына сай бағалай білуді, зерделеуді үйрету;
6. дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін көтеру.

Курстың практикалық маңыздылығы

Қазіргі заманғы технологияларды зерттеу, тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес белгілі бір тақырыпты таңдау мүмкіндігі беріледі:

- 1) Дене шынықтыру мен спорт мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы инновациялық технологиялар;
- 2) Дене шынықтыру мен спорт мамандары үшін сыныпты тиімді басқару;
- 3) Дене шынықтыру мен спорт мамандары үшін креативті қабілетін дамытудағы рефлексияның рөлі.
- 4) Дене шынықтыру мен спорт мамандары өз қызметінде түрлі аспектілері бойынша спорттық жарыстар, спорттық ойындар, марафондар өткізу.
- 5) Дене шынықтыру мен спорт мамандарының жекелеген спорт түрлері бойынша дамыту факторларын шыңдау.

Пәнаралық интеграцияны күшейту: Дене шынықтыру мен спорт мамандары үшін ортақ пәндер арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың танымдық қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

- **Жобалық оқытуды дамыту:** Дене шынықтыру пәні мұғалімінің түйінді құзыреттілігін қалыптастыру.
- **Оқушыларды ғылымға қызықтыру:** Жаңа білім беру мазмұнына сәйкес дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері игеруге ықпалы бар.
- **Шығармашылық және сыни ойлауды дамыту:** Дене тәрбиесі білімдік саласының мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру сабағының мүмкіндіктерін дамыта алады.
- **Халықаралық тәжірибені енгізу:** Дене шынықтыру сабағында және ұйымдастырылған үзілістерде денсаулық сақтау технологиясын қолдануға болады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

- 1) Дене тәрбиесі білімдік саласының мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жұмысының нормативтік-құқықтық негіздері,

балалардың өмірі мен денсаулығы және мұғалімінің кәсіби күзерттілігі мәселелерін шешуді меңгертеді.

2) Дене шынықтыру мен спорт мамандарының өзін-өзі жетілдіру, кәсіби жолдарын анықтауға мониторингтік сараптама жасай білу және оның ары қарай дамуын; оқу-әдістемелік кешендермен жұмыс жасай алу құзыреттілігін қалыптастыра алады;

3) Педагогикалық әрекеттерді қарқындату жағдайында оқыту технологияларын қолдану әдістерін меңгертеді.

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

Модуль 1. Нормативтік құқықтық модуль	1.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңы; 1.2. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» Заңы; 1.3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1.4. Қазақстан Республикасының Заңы; 1.5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 1.6. Қазақстан Республикасының Заңы; 1.7. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 1.8. Орта білім беру ұйымдарында «Дене шынықтыру» пәнін оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары	2.1. Білім беру және тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтырудан күтілетін нәтижелер, мақсаттары мен міндеттері. 2.2. Мұғалімнің портфолиосы кәсіби өсудің өзін-өзі бағалау құралы ретінде. 2.3. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары. 2.4. Инклюзивті оқыту аясында мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары. 2.5. Дене шынықтыру сабақтарында денсаулық сақтау технологиялары.

	2.6 Дене шынықтыру сабақтарында критериалды бағалау
Модуль 3. Ұстаз ретінде кәсіби құзыреттіліктері	3.1. Волейболдан оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. 3.2. Баскетбол бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. 3.3. Футбол бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. 3.5. Жеңіл атлетикадан оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері. 3.6 Дене шынықтыру бойынша оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу.
Қорытынды бағалау	4.1. Болашақ дене шынықтыру маманы жобасы: Идеядан презентацияға дейін. 4.2. Қатысушылардың дайындаған жобаларын қорғау. 4.3. Дене шынықтыру бойынша оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын енгізу. 4.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. "Дене шынықтыру мен спорт мамандарының кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру" курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және үй тапсырмасына уақыт кестесіне қосу. Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және жоба презентацияларын қосу. Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және табысты жобалардың мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру. Қашықтықтан

оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану. Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және ғылыми жобаны қорғау. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әр түрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Тақырып	Сағат саны	Оқутүрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Модуль 1. Нормативтік құқықтық модуль	10 сағат	Лекция, семинар	Презентация дене шынықтыру мамандарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру негіздері туралы, тарихи даму мен қазіргі жағдай. Тақырыптық әдебиеттер тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Дене шынықтыру мамандарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар.
3	Модуль 3. Ұстаз ретінде кәсіби құзыреттіліктері	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Дене шынықтыру мамандарының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру курсы құрылымы мен ресурстарды пайдалану бойынша ұсыныстар. Көпшілік алдында сөйлеу

				дағдыларын дамытуға арналған әдістемелік материалдар мен жаттығулар.
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен кадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мұғалімдердің дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған. Оқушылардың білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы жоба қорғау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың пәндік білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі жобалар, тапсырмалар мен пікірталастарды қамтиды, мұнда тыңдаушылардың дене шынықтыруды оқытуды қолдану қабілеті де тексеріледі. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың жобалардағы нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ пәндік әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бұл курс білім алушыларға дене шынықтыруды оқыту әдісін тиімді түрде қолдануға көмектеседі, әрі олар жаңа әдістемелер мен білімдерді білім беру саласында қолдану дағдыларын меңгереді.

10.әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920
2. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. /
<https://www.kstu.kz/aza-stan-respublikasy-zdiksiz-bilim-beru-zh-jesindegi-t-rbie-t-zhyrymdamasy/>
3. Нормативтік құқықтық актілер
<http://rctaraz.skom.kz/index.php/kz/n-rm-tivti-k-kyktyk-tiler>
4. Бұзаубақова К.Ж. Педагогика.Оқулық. -Тараз: ИП “Бейсенбекова А.Ж.”, 2019. -329 б.
5. Сатыбалдина, А.Е. Әртүрлі аурулар кезіндегі қолданылатын емдік дене шынықтыру әдістемесі [Мәтін] : оқу құралы / А.Е. Сатыбалдина, Г.Д. Дәулет, Р.Б. Лесбекова. - Алматы : ҚазСТА, 2019. - 148б. - ISBN 978-601-7964-22-1
6. «Дене шынықтыру» пәнінің ҚР ЖОББ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты – «Бөбек» ҰҒПББСО 2014 ж.
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III .(24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).
8. Ахаев А.В. Управление здоровьем сберегающим процессом.-Усть- Каменогорск, 2004.-70с
9. Алимжанова Г.Д. Концепция формирования здорового образа жизни школьников.- Алматы, 2001.-28с
10. Ахаев А.В. Управление здоровьем сберегающим процессом.-Усть- Каменогорск
11. Коджаспиров Ю.Г. Развивающие игры на уроках физической культуры. Методическое пособие 10-е изд. Стереотипное. – М: Дрофа. 2020 г
12. Құлназаров А.Қ. спорт, денешынықтыру, денсаулық, еңбек, Алматы: 2018ж.
13. Мұхамбетжанова Ұ.Ж. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі: Астана.
14. Нестеровский Д.И. Баскетбол. Теория и методика обучения. Москва. Академия,
15. Тайжанов С., Құлназаров А. Дене тәрбиесі. Алматы
16. Төтенайдың Базарбегі, С. Тайжанов Сүгірәлі. Дене тәрбиесі. Алматы
17. Холодов Ж.К. Теория и методика физического воспитания и спорта. 4-е издание Москва
18. Алимжанова Г.Д. Концепция формирования здорового образа жизни школьников.- Алматы
19. Әбдірақов, Б.Қ. Емдік дене шынықтырудың негіздері [Электронды ресурс] : Оқу құралы / Б.Қ. Әбдірақов. - Тараз : ТарМПИ, 2019. - 122 б.
<http://elib.dulaty.kz/MegaPro/Download/MObject/42091>